

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қарашадағы N 1705 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 19 шілде N 808

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Жыныстық жолмен берілетін аурулардың алдын алу және оларға бақылау жасау жөніндегі 1999-2002 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 наурыздағы N 193 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 7, 55-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Жыныстық жолмен берілетін аурулардың алдын алу және оған бақылау жасау жөніндегі 1999-2002 жылдарға арналған бағдарламада:

"ЖЖБА-ның таралуының алдын алу жөніндегі іс-шаралар" 3-бөлімінің реттік нөмірі 3.1.5-жолы алынып тасталсын;
2) < * >

Ескерту. 2)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.06.29. N 600 қаулысымен.

3) "Қазақстан Республикасындағы адамгершілік-жыныстық тәрбие жөніндегі тұжырымдама туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 қарашадағы N 1500 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 40, 517-құжат):

2-тармақ алынып тасталсын.

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қарашадағы N 1705 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 47-48, 560-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі